

Қапшағай қаласында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шаралар белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 20 қантардағы N 1 қаулысы. Алматы облысы Қапшағай қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 қантарда N 2-2-100 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 03 ақпандағы N 40 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2012.02.03 N 40 Қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 2 тармақшасына және 2-тармағына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 14 тармақшасына, Мемлекет Басшысының 2009 жылға 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, сонымен бірге жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды кеңейту мақсатында Қапшағай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес "Жастар практикасын" ұйымдастыру және өткізуге байланысты Қапшағай қаласында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шаралар белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары
I. Сұгріровке жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі	Таубаев Н.
"Қапшағай	қаласында
әлеуметтік	жұмыссыздықтан
шаралар	корғау
әкімдігінің	жөнінде
№ 1 қаулысына қосымша	туралы"
	жылғы
	20
	қантар

**Қапшағай қаласында жұмыссыздықтан
әлеуметтік қорғау жөнінде
қосымша шаралар белгілеу туралы**

Қапшағай қаласында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабына, Мемлекет Басшысының 2009 жылға 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, бастапқы, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітіруші жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру және олардың практикалық тәжірибе алу, білім, білік, дағдыларын үйрену мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында әзірленген.

1. Жалпы ережелер

1. Қапшағай қаласында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар "Қапшағай қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Уәкілетті орган) бастапқы, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітірген 18 бел 29 жас аралығындағы жұмыссыз жастармен (бұдан әрі – Жұмыссыз жастар) жұмыс жүргізу (бұдан әрі – Жастар практикасы) тәртібін ұйымдастыруды білдіреді.

2. Жастар практикасы Қапшағай қаласының кәсіпорындарында, мекемелерінде және ұйымдарында (бұдан әрі – Жұмыс беруші) ұйымдастырылғып, өткізіледі.

3. Уәкілетті орган еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып, жастар практикасына жіберу үшін жұмыссыз жастардың санын анықтайды.

2. Жастар практикасын ұйымдастыру

4. Уәкілетті орган жастарды жұмыспен қамту бойынша, қалалардағы өңірлік еңбек нарығындағы қалыптасқан жағдайға талдау жасау негізінде Жастар практикасын өткізу үйымдастырады.

Жастар практикасын ұйымдастырғанда келесі негізгі өлшемдер ескеріледі:

1) жұмыссыз жастардың саны және оның Уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелгендердің жалпы санынан үлесі;

2) жастар арасындағы ұзақ уақыт бойы жұмыс істемейтіндер санының өсуі;

3) жұмыссыз жастардың еңбек өтілінің, алған мамандығы бойынша еш дағдысының болмауы салдарынан жұмысқа орналасу мүмкіндігінің аз болуы.

5. Уәкілетті орган қаржылық-экономикалық жағынан тұрақты, болашақта даму, өндірісін кеңейту перспективаларын және Жастар практикасының қатысушыларын қабылдау мүмкіндіктері бар кәсіпорындар туралы ақпарат жинау жұмыстарын жүргізеді. Бұған қоса Уәкілетті орган Жастар практикасын ұйымдастырудың және өткізу үшін шарттары туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпарат таратады, сонымен бірге жоғарыда аталған жұмыстың нәтижелері бойынша ұйымдарға Жастар практикасына қатысу жөнінде ұсыныс

білдіріп, хабарлама жібереді. Ұйымның басшысы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 3 күн ішінде іс тәжірибеге қабылданатын жұмыссыздардың шамалы санын немесе қатысадан бас тартқандығы туралы жауап береді. Жауап бермеу Жастар практикасына қатысадан бас тарту болып есептелінеді.

6. Уәкілетті орган үш күн ішінде тілек білдірген ұйымдармен жастар практикасын ұйымдастыру жөніндегі осы Тәртіптің мазмұны мен жастар практикасын өткізу туралы келісім жасайды.

7. Ұйымдар туралы жинақталған ақпараттарды қорытындылау және талдау негізінде Уәкілетті орган Жастар Практикасына қатысу үшін жұмыссыз жастарға іріктеу жүргізеді. Үміткерлерді іріктеу кезінде келесі өлшемдер ескеріледі:

1) үміткерлер жұмыссыз ретінде Уәкілетті органға тіркеуге тұруы керек;

2) үміткерлердің кәсіптік білімі болуы керек;

3) уәкілетті органның мәліметі бойынша Жастар практикасын ұйымдастыру кезінде оларға лайықты жұмыстың болмауы.

8. Жұмыссыздардың жастар практикасына Жастар практикасы басталған сәттен бастап 12 айлық кезеңде бір рет рұқсат беріледі және жұмыссыз ретінде тіркелген күніне сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

9. Жұмыссыз азаматтардың Уәкілетті органның шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) бойынша Қапшағай қаласының әкімдігіне немесе сотқа шағымдануға құқылы.

10. Жұмыссыздарды жастар практикасына алуға келісім берген жұмыс беруші жұмыссыз жастарды қабылдайды және Жастар практикасына қатысушылардың мамандығына (кәсібіне) сәйкес кәсіби білім, білік, дағдыларын үйретуді қамтамасыз ету туралы міндеттеме алады. Жұмыссыздармен алты айдан аспайтын мерзімге еңбек шартын бекітеді және еңбек шартына сәйкес, еңбек ақы төлеу бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылатындығы туралы норма енгізеді. Еңбек шарты Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес жасалады, онда жастар практикасына қатысушы мен жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері көрсетілуі керек.

11. Уәкілетті орган жұмыссыз азаматты бекітілген нысандағы жолдамамен Жұмыс беруші ге жібереді.

12. Жұмыссыздарды Жастар практикасына алу туралы шешімді Жұмыс беруші қабылдайды. Жұмыс беруші жолдаманың жыртпалы талонын толтырып, Уәкілетті органның мекен-жайына жібереді.

13. Жұмыссыздарды Жастар практикасына алу туралы шешім қабылдау кезінде, жұмыссызы алты айдан аспайтын мерзімге "Жастар практикасына" қабылдау туралы бұйрық шығарады. Жұмыс беруші Жастар практикасына қатысушыға білікті маман-тәлімгер бекітеді. Жұмыссыз еңбек міндеттерін жүзеге асыру кезінде еңбек зандарына сәйкес барлық құқықтарға ие болады және міндеттеме алады.

14. Жұмыссыздарды Жастар практикасы қабылдаған күннен бастап үш қүн ішінде, Жұмыс беруші Уәкілетті органға практикаға қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін жібереді. Жастар практикасына қатысуышыны қабылдаған Жұмыс беруші әр айдың 25-не дейін Уәкілетті органға жұмыс уақытын есепке алу

т а б е л і н

ұ с ы н а д ы .

15. Жастар практикасына қатысуши еңбек заңын бұзған жағдайда, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес шартты бұзуға күкіры

б а р .

16. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыссызben шарт бұзылған кезде, ол қабылдаған шешім туралы З күн ішінде Уәкілетті органға хабарлайды. Жұмыссыз азамат практиканы тоқтату туралы шешім қабылдай алады. Бұл туралы Жұмыс берушіге және Уәкілетті органға З күннің ішінде хабарлайды.

17. Шарттың мерзімі өткеннен кейін жұмыс беруші үәкілетті органға азаматты жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың немесе практиканың аяқталғаны туралы бұйрықтың көшірмесін оның практикадан өтуі туралы сын пікірімен (ұсныс)

қ о с а

ж о л д а й д ы .

18. Жұмыс берушінің шешімі бойынша жұмыссыз азамат Жастар практикасының мерзімі аяқталмай тұрып тұрақты жұмысқа орналастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда Жұмыс беруші Уәкілетті органға Жастар практикасына қатысуышыны жұмысқа қабылдағаны туралы бұйрықтың көшірмесін жібереді.

19. Жастар практикасынан өткеннен кейін осы немесе басқа кәсіпорынға тұрақты (уақытша) жұмысқа орналастырылмаған азамат Уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркеуге тұруын жалғастырады.

3. Жастар практикасын қаржыландыру

20. Жастар практикасын қаржыландыру бюджет қаржысы есебінен "Жұмыспен қамту бағдарламасы" 002 бағдарламасы бойынша "Республикалық бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар практикасы бағдарламаларын кеңейтуге ағымдағы мақсатты трансфертер" 103 кіші бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Жастар практикасына қатысуышыларға ақы төлеуді Уәкілетті орган Жастар практикасына қатысуышымен жасалған еңбек шартының негізінде нақты жұмыс атқарған уақыты үшін айына 15 (он бес) мың теңгеден кем емес мөлшерде төлеуді.

22. Жастар практикасына қатысуышылардың еңбекақысын төлеуді Уәкілетті орган олардың жеке есеп шоттарына аудару арқылы жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК